

Анықтама

Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл толуына орай мектебіміздің 6 - сынып оқушыларымен тәрбие сағаты өткізілді. Биыл қазақ халқының ғана емес, күллі түркі жұртының тарихында ерекше орын алатын кемеңгер ақын, ілімнің негізін қалаушы, күншығыс елдері мұсылмандарының рухани шырағы болған ойшыл, діни қайраткер Қожа Ахмет Яссауидің өмірі мен шығармашылығы сөз етілді. Ойшылдар еңбегін оқып-үйрену мен олардың мұраларына құрмет сезімдерін қалыптастыру және адамгершілікке тәрбиелеу. Шара «Психогеометрия»- өзін-өзі тану арқылы жүргізілді. Оқушыларға «Артық болмас білгенің» айдары арқылы бейнесұрақ көрсетіліп, сұрақтар қойылды. Топқа тапсырмалар беріліп, жауап алынды. Қожа Ахмет Яссауидің қанша шәкірті болған?, Арыстан баб кім?, қандай қасиет адамды аздырады? Сынды сұрақтар қою арқылы қайраткер Қожа Ахмет Яссауидің өмірі мен шығармашылығын ұғына алды. Шараны қорытындылай келе «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы тәрбие сағаты қорытындыланып, оқушылар шағын эссе жазды.



Анықтама

Бүгін "Ізгілікке қалам тартқан...жас ғұмыр", "Балалар кітапханасы" жобасын өтті. Бастауыш сыныптан кітап оқуға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру үшін кітап оқитын ел бола аламыз. Ал жас ұрпақтың функционалдық сауаттылығы үшін балалардың көркем әдебиет оқуы өте маңызды.

«Кітап оқу адамның дүниетанымын, дүниетанымын кеңейтеді, сыни тұрғыдан ойлауды дамытады, шығарма кейіпкерлерінің бойында бейнеленген мінез-құлық үлгілерін меңгеруге көмектеседі, жалпы алғанда, адамды тәрбиелейді және тәрбиелейді. Ал мұның бәрін балалық шақта төсеу керек. Міне, сол кезде әдебиетке деген сүйіспеншілік адамның бүкіл өмірінде болады».

Біз бәріміз әртүрлі себептермен оқимыз: біреулер ой-өрісін кеңейту үшін басқалары жұмыс үшін ақпарат алу үшін кітап алады, ал кейбіреулері бос уақытын қызықты ету үшін. Бірақ қандай себептер болса да, оқу сауаттылығын дамыту маңызды.

Оқушылармен сыныпта сыныптан тыс сағаты ұйымдастырылды. Демалыс кезінде оқыған кітаптарын талқылады.



Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі, облыстық басқармасының 2023 жылғы 30 қазандағы хатына сәйкес, «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» тақырыбындағы іс-шарасына


АНЫҚТАМА

2023 жылдың 3 қараша күні Т.Есетов атындағы №264 мектеп - лицейінің 5-7 сынып оқушылары арасында «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» атты іс-шара өткізілді.

Шара жас жеткіншектің күзгі каникул уақытын тиімді ұйымдастыру, мектеп кітапханасымен байланысты күшейту мақсатында жасалды. Іс-шарада кітапхана меңгерушісі Н. Нұрышбекова оқушыларға жасына сай кітаптар ұсынып, оқушылар оқыған кітаптарын қызыға әңгімелеп берді.

Кітапханашы алдағы уақытта да кітапханамен тығыз байланыста болуға, оқушыларды кітап оқуға шақырды.

<https://www.facebook.com/100015529058691/posts/pfbid067eSbDeQKB4iGPhk9y8zCf17z1Rp2bGxFaS1eSg57ogsu6WEAZpd4jn2E4TJg1a6l/?mibextid=Nif5oz>



Анықтама

18 қазан күні мектеп-лицей кітапханасында ағымдық жоспарға сай, «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Жаспы барға жасын түспейді» тақырыбында Ұлы Отан соғысының ардагері, жазушы Кемел Тоқаевтың 100 жылдығына 8-11 сыныптармен «Кемелдің өмір кемесі» атты танымдық сабақ өткізілді.

Сабақ барысында оқушыларға детектив жанрының көшбасшысы, Ұлы Отан соғысының ардагері Кемел Тоқаевтың өнегелі өмір жолы, еңбекқорлығы мен адами қасиеттері туралы жан-жақты түсінік қалыптастыру мақсатында жас ұрпаққа өткен ғасыр тоғысындағы тұлғалы азаматтардың Отан, ел алдындағы адал, ардагер, жанқияр еңбектері насихатталды.



Анықтама

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, мектеп кітапханасында оқушылардың қатысуымен «Абай-лара, Абай - дана қазақта» атты тақырыпта Абайдың өлеңдерін жатқа айту іс-шарасы өтілді.

Қатысқан бала саны: 15 бала

Мақсаты: Оқушыларды Абай Құнанбаевтың өмірімен, өскен ортасымен, қарасөздерімен, өлеңдерімен, әндерімен, аудармаларымен таныстыру. Шығармаларын түсініп оқуға, танып өсуге баулу, өмірін, адамгершілік қасиеттерін үлгі ету. «Абай жолы» романы кітабы, «Абайдың қара сөздері» және т. б. жаңа кітаптарды оқушыларға таныстырылып, өздері жаттаған өлеңдерін жатқа айтты. 6 г оқушылары Серікбай Ергнат, Әділбек Дана, Ержан Әдемі, 5 Б оқушылары Нағашыбай Сырым, Махсұт Қадіша 5 Д оқушысы Сансызбай Аделя, Абайдың өлеңдерін жатқа айтты. Оқушылар Абай шығармашылығымен танысты.

Абай – дара, Абай – дана қазақта,
Жол салады әр өлеңі ғажапқа.
Бар жазғаны даналық боп саналған
Жалғыздардың жалғызы ол қазақта.



Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің «Ана тілі – ұлттық құндылықтар бастауы» онкүндігі және «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 6-сыныптар арасында ұйымдастырылған «Әдеби кітаптар жәрменкесі» «Әкеге ізет, анаға-құрмет» буктрейлер сайысы туралы

Анықтама

Іс-шараның мақсаты: Өскелең ұрпақтың оқу сауаттылығы мен оқу белсенділігін және оқу сапасын арттыру, балалардың мәдени және оқу құзіреттілігін дамыту, сонымен қатар жас ұрпақ бойындағы жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік бағдарларды қалыптастыру. Көркем әдебиеттерге деген қызығушылығын арттыру.

2023 жылдың 20 қараша күні Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің «Ана тілі – ұлттық құндылықтар бастауы» онкүндігі аясында 6-сыныптар арасында ұйымдастырылған «Әдеби кітаптар жәрменкесі» «Әкеге ізет, анаға-құрмет» буктрейлер сайысы болып өтті.

Буктрейлер – белгілі бір кітап туралы көркем түрде әңгімелейтін қысқа бейнеролик. Бұл бейнероликтердің мақсаты – визуалды құралдар арқылы кітаптарға көңіл аудартып, жарнама жасау және оқуға үгіттеу.

Іс-шараның құрметті қонақтары және әділқазылар алқасында мүшелік еткен мектеп-лицейіміздің ұстаздары - Мұратаева Майя және Ахметов Сьезбек ағай.

Буктрейлерді 17 оқушы қорғап:


I орын Рүстемова Еңілік 6 «О» сынып оқушысы,

II орын Ғалымжанқызы Тәттім 6 «Г» сынып оқушысы,

III орын Аким Айкен 6 «Г» сынып оқушысы,

III орын Марат Бегімсұлу 6 «Г» сынып оқушысы,

III орын Сағымбек Нұргүл 6 «Б» сынып оқушылары иеленді.



Дайындаған қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері: Балмағанбетова Айжан
Бурабаева Фариза
Дүйсенбаева Гүлзат
Атымтаева Нұргүл

Анықтама

Жуырда 5 «О» сыныбында «Болашаққа хат» тәрбие сағаты болып өтті. Сабақта балалар болашаққа деген өз көзқарастарын білдірді. Оқушыларға болашаққа бағыт бүгіннен басталатындығы түсіндірілді. Соны жете ұғынған балалар тек тәртіпті болу және сабақты жақсы оқу арқылы өз болашақтарын дұрыс қамтамасыз ететіндіктерін білді. Сабақты қорытындылау мақсатында оқушылар «Болашаққа хат» тақырыбында шағын эссе жұмысын жазды.



Тәкей Есетов атындағы 264 мектеп-лицейінде « Бастауыш сынып» әдістемелік бірлестігінің « Баспалдағы білімнің бастауыштан басталған»атты онкүндігінде ұйымдастырылған Мектеп алды даярлық тобы арасында «Ертегілер еліне саяхат»атты іс-шарасы өтті.

Мақсаты:

- 1) Оқушыларды халық ауыз әдебиетіндегі ертегілермен, ертегі кейіпкерлерімен таныстырып, ұлттық рухани біліммен қаруландыру;
- 2) Оқушының тілін, қиялын, сөздік қорын халық мұрасы арқылы дамыту; балалардың логикалық қабілетін, танымын дамыту. Зейінін, ақыл – ой белсенділігін арттыру, тез ойлауға машықтандыру.
3. Еліміздің болашақ ұрпағын біліммен сусындаған, тапқырлығымен тамсандыратын салауатты, саналы етіп тәрбиелеу, ертегіні сүйіп оқуға, адамгершілікке, шындыққа, елжандылыққа тәрбиелеу.

Бұл іс-шарада Алма ертегісі, Бауырсақ ертегілері қойылды.Ерекше белсенділік танытқандары үшін «Алғыс хаттармен» марапатталды.Балалар берілген рольдерін тамаша ойнап шықты.Қызғалтақтай қыздарымыз әнімен,биімен шашу шашты.

« Білім алудың тамыры ащы,бірақ жемісі тәтті»,- дегендей, ана тіліміздің абыройын асқақтатын,тілді шұбарламай ,таза,көркем сөйлей білетін, білімге,білуге,үйренуге құштар шәкірттер легі көп бола берсін демекпіз.

«Адамды тұрар адам қып, парасаттылық пен адалдық!»

7 «Ә» сыныбында қанар айының 18і күні «Адамды тұрар адам қып, парасаттылық пен адалдық!» атты ашық тәрбе сағаты өткізілді. Бұл - Шараби бабамыздың «Ақыл дегеніміз- адамның екі жақсы нәрсенің жақсырағын таңдап алу қасиеті» дем-жіні, ақылдың атқаратын жұмысы- ол салыстыру. Осыған байланысты оқушыларға қасиеттерді салыстыру тапсырылады. Мұғалім айтқан адам бойындағы жағымсыз қасиеттерге қарсы мағыналы жағымды қасиеттерді сынып оқушылары айтты. Жалқау - еңбекқор, Үялшақ - батыл, өтірікші - шыншыл сараң - кеңпейілді, дөрекі - сыпайы, қатыгез - мейірімді, мақтаншақ - қарапайым, өзімшіл - ақхөңіл, арам - адал, жау - дос .

Адам бойында жақсы қасиеттермен бірге жаман қасиеттер де болатынымен танысты, жаманнан жиренуді, жақсыдан үйренуді осы ашық тәрбие сағатында толықтай түсінді.



Сынып жетекшісі: Мығбара Гүлжайна

Мен оқыдым және сізге кеңес беремін

#bimkzo

#264мектеплицей

□Қазықорда қаласы бойынша білім бөлімі облыстық оқу орталығының 2024 жылғы 11 қаңтардағы №25 хатына сәйкес 15-30 қаңтар аралығында кітап оқуды насихаттау мақсатында барлық білім беру ұйымдарында «Мен оқыдым және сізге кеңес беремін» тақырыбында библио-кросс Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде 26 қаңтар күні өткен болатын.

□Мақсаты: Жас ұрпақты отансүйгіштікке баулу, ақын-жазушылардың шығармаларын дәріптеу. "Адамды адамзатқа айналдырған кітап" атты ұлы күдіреттің асыл қасиетін барша жас ұрпақтың жүрегіне тегіс жеткізу, қызықты кітаптар арқылы оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын ояту, авторлар мен көркем шығармалардың жан-жақтылығын көрсету, олардың тұлғалық өсуіне ықпал ету, оқу сауаттылығын арттыру.

#Біртұтастәрбие

#Мен оқыдым және сізге кеңес беремін

#кітапхана және қосымша білім беру

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02Bymm2yMWBLPdNL2qt7fSNcfNEUzjc7gJB4gLGg5pVggXdCNTZUuPimnBveGcTEj3l&id=100015529058691&mibextid=Nif5oz

АНЫҚТАМА

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Ұлттық құндылықтар: **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП** негізінде жасалған тәрбие сағаттарының жоспары бойынша «Ақпан – оқуға құштарлық айы» деп қарастыра келе 9 ақпан күні 5 «В» сыныбында «Поэзияның асқар шыңы - Мұқағали» атты тәрбие сағаты өткізілді.

Тәрбие сағатының мақсаты:


Білімділік – оқушылардың ақын өлеңдерін сүйе білуге, өлеңдерінің мазмұнын терең ұғына білуге үйрету, дамытушылық-сөйлеу тілдерін жетілдіру, өлеңдерін нақышына келтіріп жатқа оқу, сүйсіне білу сезімдерін ояту, талдаулар жасай білу.

Тәрбиелік – оқушыларға эстетикалық тәрбие беру, өз ұлтын, елін, жерін, отбасын сүйуге тәрбиелеу.

Тәрбие сағаты өз мақсатына жетті.

Сынып жетекші

Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары


D. Бодыкова


Г. Қиымов

Т.Есетов атындағы №264 мектеп-интернатта 14 ақпан күні біртұтас тәрбие жұмысының жоспарына сай, 8-11 сынып әкелеріне арналған "Әке ұлалығы - ұлттық тәрбиенің бастауы" атты кездесу кеші болып өтті.

Кештің мақсаты: отбасылық құндылықтарды насихаттау, әкелің бәрі тәрбиелеуді жауапкершілігің арттыру, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу.

Кештің бағдарламасы:

1) Мектеп-интернат директоры Тұмұрзаев Бек Сұлтанбекқұлының кіріспе сөзі.

2) Қосымша білім беру орталығының концепттік бағдарламасы.

3) Директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Ғ. Қуямов мектептің ішкі тәртіп ережелерімен, тыныс-тіршілігімен, тәрбие жұмыстарымен таныстырды.

4) Мектеп психологі Р.Абдукаримова "Жасөспірімдер арасындағы кибербуллингтің алдын алу" - әкелерге кеңес.

5) Әлеуметтік педагог М.Абдуллаева 5 санат бойынша атқарылған жұмыстар барысымен таныстырды.

6) "Әкелер мектебі" жобасының мақсат-міндеттері жайлы таныстыру (С.Ахметов).

7) Мектепті аралау кезеңі.


Кездесу барысында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ. Қуямов «Әкелер мектебі» кенесінің төрағасы мен мүшелерін сайлауды ұсынды. Жиналған әкелер бірауыздан кенес төрағалығына Ахметов Сәзбек Тажидиевичті сайлады. Мүшелері болып өз еркімен Махамбетов Рамазан, Әбішев Бақыт әкелер сайланды.

Кештің алғашқы кезеңінде 9 «В» сынып оқушысы Сұлтанбек Мағжан барлық қатысушы әкелерге арнап "Рақмет, әке" әнін шырқады.

Кештің келесі кезеңінде әкелерге жалпы мектеппен таныстыру мақсатында Қосымша білім беру орталығының «Қылақам шеберлері» сурет үйірмесімен, Т.Есетов атындағы мұражайымен, Мектеп-интернаттың «BioPower» кабинеті және киностудия жұмыстарымен танысты. "Мектеп театры" үйірмесінің жұмысымен таныстыру барысында үйірменің жас актерлері әке мен бала арасындағы ашық әңгімені сахналап берді.

Кеш соңында әкелер ұлттық дастарханнан дәм татып, өз пірашылықтарын, батаарын берді. Мектеп пен онда атқарылған қыруар жұмыстарды көздерімен көріп, өздері де арқашан қалауы білдіруге дайын екендіктерін жеткізді. Ұлттық одақ, яғни, "Мектеп-ата-ана-бала" бірлесіп бала тәрбиесіне атсалысатындарын және бірлесе жұмыс жасау керек деген ұжымдық-тілектерін жеткізді.

Алғашқы уақытта бұл шара әрі қарай жалғасын табады деген ниетпен.



<https://www.facebook.com/share/v/LvBkT29KwP7zxpK/?mibextid=0FDkKk>

Шара кезінде алғаш рет өзіміздің мектепте пионерлер қатарына қабылдану сәті есімге түсіп кетті. Марқұм бастауыштары Әтірқұл анаһым сыныптан жақсы оқитын оншақты оқушыны пионерлер қатарына қосқан еді. Ол кездегі сезімді сөзбен жеткізу мүмкін емес. Күніте сабаққа барар алдында мектанышымен қызыл ғалстукты үтіктеп, Ульяновтың (В.И. Ленин) суреті бар төс белгіні (значок) дұрыстап тартып сабаққа мектанышымен баратын едім. Дәл сол сезімді бүгінгі Жаас ұландарымыз сезінді деп ойлаймын. Оқушыларыма еліміздің нағыз патриоты болады деп сенім білдіремін.

Бүгін Мұқатали Мақатаевтың туылған күніне орай мектебіміздің 215 бастауыш сынып оқушылары "Жаас ұлан" бағалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылданды. Қабылдау рәсіміне мектеп-лицейдің әкелер кеңесінің мүшелері де қатысып жылы лебіздерін білдірді.

бағалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылданған анықтамасы.

Мұқатали Мақатаевтың туылған күніне орай мектебіміздің 215 бастауыш сынып оқушылары "Жаас ұлан" «Ұланьымыз ұлы етін»

#264mektelisei
#bilim_kzo
#birytastarone

ПОЭЗИЯНЫҢ АСКАР ШЫҢЫ - МҰКАГАЛИ

9 ақпан қазақтың Хантайыптің мұбағаты, поэзия патшасы, "Ғапыр ақын" атанған, миллион сезімнің иесі - Мұқағали Мақатаевтың туған күні. (Саяхан орай Т.Есетов атындағы #264 мектеп-лицейімізге 8 "Ә" сынып оқушыларының ұйымдастыруымен "Поэзияның асқар шыңы - Мұқағали" атты әдеби-сауық кеш болып өтті. Кешке ұстаздар мен сынып ата-аналары қатысты.

Әдеби-сауық кеш барысында оқушылар М.Мақатаевтың жыр шумақтарын оқып, ән шырқады. "Махаббат диалогі", "Лапісгер" әдебиетіне көрніс қойып, ақын рухына арнап күй ойнады. Үлкен оқитын Әбуғали Жанібек те кешке өз үлесін қосып, инклизивті білім беру орталығының мамандары С. Көмеқбаева мен С.Имашеваның сүйемелдеуімен слайд жасап, ақынның өмір жолымен таныстырды. "Бақыт деген" әнін кеш соңында оқушылар хормен шырқады.

Ата-аналар оқушылардың өнеріне өз пірашылығын білдіріп, нар туғалы ақынның шығармашылық кешін дәріптейтін болашақ ұрпақтардың өсіп келе жатқанына қуанышты. Әлемі кешті ұйымдастырған сынып жетекшісі К. Нұрдаулетова мен іс-тәжірибеден өтуші З. Жорабекована рақметтерін айтты.

"Поэзияның асқар шыңы - Мұқағали"



Т.Есетов атындағы
№264 мектеп-лицейі
8 "Ә" сыныбының ұйымдастыруымен

Өлеңдер шығармалары

Күні: 09.02.2024ж

Уақыты: 12:00

Сынып орыны: 570609000000



Сынын эсептекти: С.Муханова

Сынын: 4 «П»



«Окуга кўштар мектеп»
«Сүйікті китабым»
5 минуттық оку

Т.Есетов атындагы №264 мектеп-лицей